

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге оқу жылы **2025 жылдың 23 мамырда** аяқталатынын назарларыңызға жеткізеді.

Оқу жылын жалпы білім беретін мектептер ағымдағы жылдың 23 мамыр күні **«Білімім-Отаныма!»** атты республикалық сынып сағатымен аяқтайды.

Сынып сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына басымдық берілуі керек. Осы ретте, министрлік тарапынан білім алушылар арасында эссе байқауын өткізу туралы ұсынымдар әзірледі. (қоса тіркеледі). Білім алушыларға «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тақырыптық бағыттары бойынша эссе жазу ұсынылады. Үздік жұмыстар сынып сағатында оқылып, авторлары марапатталуы тиіс.

Сынып сағатының сценарийлерін педагогтер әр сыныптың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше әзірлейді. Сынып сағатында демалыста оқуға ұсынылатын кітаптар тізімін, сондай-ақ, қарауға болатын фильмдер тізімін ұсынып, қауіпсіздік шаралары, алдын ала жоспарланып ұйымдастырылған демалыстың артықшылықтары, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың тиімділігі, еңбек етудің пайдасы, ата-анаға, ата-әжелеріне көмектесудің қажеттілігі туралы айтылады.

Сынып сағаттары мен салтанатты іс-шараларды өткізу барысында дипломдар мен сертификаттарды ресми түрде табыстауға рұқсат етіледі.

Жоғарыдағыны ескере отырып, оқу жылының аяқталуы бойынша **тек 9, 11 сынып түлектері үшін салтанатты іс-шараны педагогикалық кеңестің ұсынысы негізінде бірыңғай 24 мамыр күні сағат 09:00-де өткізуді ұсынады.**

2024-2025 оқу жылында 1293 түлек 9-сыныпты және 853 түлек 11-сыныпты бітіруде. Бұл түлектердің алдында болашақ мамандығын таңдау және одан әрі білім алу жолын анықтау тұр.

9-сынып бітірушілер үшін қорытынды мектеп бітіру емтихандары **29 мамыр-10 маусым** аралығында өтеді, ал 11-сынып бітірушілер үшін мемлекеттік емтихандар **30 мамыр-16 маусым** аралығында болады.

Негізгі және жалпы орта білім беру туралы аттестатты тапсыру салтанатын мектеп қабырғасында **18 маусым күні сағат 11:00-де өткізуді ұсынады.**

Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:

-ата-аналардан қаражат жинауға;

-аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға,;

-көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға,

-мектепке дейін білім беру ұйымдарының түлектері мен **4-сынып оқушылары үшін салтанатты шаралар өткізуге жол берілмейді.**

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға **қатаң тыйым салынады.**

Білім беру ұйымдарында аталған өрескелдіктер орын алған жағдайда заңнамаға сәйкес мектеп басшыларына **қатаң шаралар қолданылатынын ескертеді.**

Жоғарыда айтылған тапсырмаларға сәйкес мектеп оқушылары мен ата-аналармен шұғыл жиналыс ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, ата-аналар мен мектеп оқушыларынан қолхаттар алуды, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтар мен келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында **күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруды тапсырады.**

Атқарылған жұмыстар туралы қорытынды ақпаратты **2025 жылдың 15 мамыр күніне дейін** қосымша тіркелген кестелерге сәйкес жолдау қажет.

Қосымша: 3 парақта (кесте мен ұсынымдар)

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.Сванов

білім беру ұйымдарында өткізілген
ата-аналар жиналысының орындалуы туралы

№	Мектеп атауы	Жалпы ата-аналар жиналысының өткізілген күні	Қатысқан ата-аналар саны	Қатыспаған ата-аналар саны	Фотоесебі 1 фото	Әлеуметтік желіге жарияланған сілтемесі

2025 жылдың 23-24 мамыр күндері оқу жылының аяқталуына орай жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында ұйымдастырылатын күндізгі және түнгі рейдке шығатын қызметкерлер туралы

№	Мектептің атауы	Күндізгі /түнгі	Аты-жөні	Лауазымы	Ұялы телефоны (ватсап)
<u> </u> мектебі					
1		Күндізгі			
<u> </u> мектебі					
		Түнгі			

23-24 мамыр күндері мектеп бітіруші түлектердің қатысуымен өтетін ресми/бейресми бөлімінің өткізілуі туралы

№	Мектеп атауы	Мектеп бітірушілер саны	Салтанатты «Соңғы қоңырау» іс-шарасын өткізу күні мен уақыты	Бейресми бөлігі өткізілетін күні мен уақыты

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ЭССЕ БАЙҚАУЫНҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдесінде №194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 2-қосымшасындағы жоспарына сәйкес, Елімізде мамыр айының төртінші аптасында өтетін «Білімім – Отаныма!» республикалық сынып сағаттары ұйымдастырылады. Осыған орай оқу жылын қорытындылап, жазғы демалыс уақытын тиімді жоспарлау, өз іс-әрекетін рефлексиялау, сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін білім алушылар арасында эссе байқауын ұйымдастыру ұсынылады.

Мақсаты: білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

Міндеттері:

- Білім алушылардың 2024-2025 оқу жылындағы жетістіктерін талдау;
- Білім алушылардың өз іс-әрекетін рефлексиялау, сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Өту мерзімі екі кезеңнен тұрады:

1-кезең. 2025 жылғы 12-20 мамыр аралығында тақырыптық эссе жазу.

2-кезең. 23 мамыр күні өтетін «Білімім – Отаныма!» республикалық сынып сағаттары аясында байқауды қорытындылау, үздік жұмыстарды оқу және авторларын марапаттау

Ұйымдастыру іс-шаралары:

Әр мектепте қазылар алқасы құрылады (әкімшілік, педагогтер, ата-аналар комитетінің өкілдері).

Әр сынып бойынша **3-5үздік жұмыс** анықталады.

2025 жылдың **23 мамырында** жеңімпаздар **ашық тәрбие сабағында** эсселерін таныстырады.

Жеңімпаздарға **мақтау хаттар** тапсырылады.

Өту формасы: эссе байқауы

Өту орны: жалпы орта білім беру ұйымдары

Үйлестірушілер: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

Ұйымдастырушылар: жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

Қатысушылар: жалпы орта білім беру ұйымдарының барлық білім алушылары.

Эссені келесі тақырыптар бойынша жазу ұсынылады:

1–4 сыныптар: **«Таза Қазақстан»** тақырыптық бағытында:

- Сен «Таза Қазақстанға» қандай үлес қоса аласың?
- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін не істеу керек?
- Мен табиғатты қорғаймын, себебі...

5–9 сыныптар: **«Заң және тәртіп»** тақырыптық бағытында:

- Заң мен тәртіп сақталу үшін не істеу керек?
- Заңды орындау қоғамның дамуына қалай әсер етеді?
- Сен қоғамдық тәртіпті орнатуға қандай үлес қоса аласың?

10–11 сыныптар: **«Адал азамат»** тақырыптық бағытында:

- Сен үшін «Адал азамат» деген кім?
- Қоғамның дамуына адалдық қалай әсер етеді?
- Ар-ұждан мен намыс адалдыққа қалай әсер етеді?

Қосымша:

➤ Үздік жұмыстар мектептің және өңірлік білім басқармасының ақпараттық ресурстарында жарияланады;

➤ Эсселер «Білімім – Отаныма!» **өңірлік жинағына** енгізіледі. Облыстық жинақтарының негізінде республикалық жинақ әзірленеді.

Іс шараның ақпараттық сүйемелдеу: бұқаралық ақпарат құралдарында, білім басқармасының ақпараттық ресурстарында, әрбір білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі аккаунттарында жарияланады.

Әлеуметтік желілерде орналастыру хэштегі: **#Адал_азамат**
#Адал_азамат_эссе#Білімім_Отаныма